

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ҒАЛЫМ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақстандықтардың санасын жаңғыртудың, яғни бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы сияқты бағыттары мен таяу жылдардағы алты міндетті атап көрсетті.

Осы мақалада «Ұлт мақтаншы біздің бұрынғы өткен батыр бабаларымыз, данагөй билеріміз бен жырауларымыз ғана болмауға тиіс. Мен бүгінгі замандастарымыздың жетістіктерінің тарихына да назар аударуды ұсынамын», - деді Елбасы.

Осындай назар аударуды қажет ететін тұлғалардың бірі – ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, профессор Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани.

Ақжан Жақсыбекұлы 1906 жылдың 2 қарашасында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген. «Тұлпар аунаған жерде түк қалады» дегендей, академик атышулы Машан бидің немересі. Ақаңның әкесі Жақсыбек Құранға жүйрік, сол кездердегі «Айқап», «Дала уәлаяты» атты газеттерін жаздырып оқитын адам болған. Ақан алғаш әліппе тануды өз әкесінен, кейін кеңес мек-

тебінен үйренген. 1924 жылы Қарқаралыдағы Ә.Ермеков негізін қалаған педагогикалық техникумға түсіп, Ахмет Байтұрсынұвтан дәріс алған. Міне, Ақжан Жақсыбекұлы осындай думанды шаңырақта, ойшылдардың ортасында жүріп, тәлім-тәрбие алған ғұлама ғалым.

Еңбек жолын өзі оқыған мектепте мұғалім болып бастаған азамат 1933 жылдың күзінде Семейдің геологиялық техникумындағы – дайындық курсында оқып, 1934 жылы Алматыда ашылған Қазақ тау-кен металлургия (қазіргі ҚазҰТУ) институтының алғашқы студенттерінің бірі болып қабылданды. Институтта оқи жүре, ол Алматыдағы техникумдарда, курстарда сабақ берді. Қазақстандағы маркшейдер мамандығының негізін қалаушы, профессор П.А.Рыжов зерделі студентті 1939 жылы аспирантураға алып қалады.

А.Жақсыбекұлы ғылыми еңбегіне жер қойнауының геометриясын өзек етіп алды. Бұл екінің бірінің тісі бата бермейтін тың тақырып еді. Кертартпа ғалымдар ғылыми жаңалыққа күдікпен қарады. Алайда Ақанның диссертациясындағы кен орындарын зерттеудің жаңа әдісі Қазақстанның көптеген кен орындарында байқаудан өтті. 1940 жылы геологиялық барлау ғылыми экспедициясын басқарып жүрген аспирант Ақжан осы жаңа әдіс негізінде Ақбастау-Қосмұрын алтын кен орнын ашты. Сөйтіп, кендердің жер қойнауында түзілу заңдылықтарын ашуда алғаш рет жер қойнауы геометриясының әдістерін қолдануы геология мен тау-кен саласында ғылыми жаңалық болды.

1946 жылы А.Жақсыбекұлы Мәскеу қаласында «Кендер құрылымын жер қойнауын геометрлеу әдістерімен зерт-

теу» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жұмыс үш мамандықтың (геология, механика және тау-кен ісі) түйісінде жүзеге асқан болатын. Сөйтіп, үш ғылым саласының түйісуіне тау-кен ісінде жаңа ғылыми бағыт – «геомеханика» дүниеге келді.

А.Машановтың жетекшілігімен жүргізілген геомеханика саласындағы ғылыми жұмыстардың өрісі кеңейіп, жас ғалымдар саны көбейе түсті. Геомеханикалық зерттеулерді жүргізуде, Ақжан Жақсыбекұлы – ең алдымен, кен орнының табиғи геологиялық жағдайын және қатты денелер механикасы мен физикасының негіздерін зерделеу арқылы адамзаттың инженерлік қызметінің нәтижесінде пайда болған жасанды ортаның геологиялық, кернеулі жай-күйін білуге және ашылған тау жыныстарының әртүрлі тереңдіктеріндегі физикалық-механикалық қасиеттерін анықтауға басты көңіл аударды десек, ол КСРО-дағы геомеханика ғылымының негізін салушылардың бірі және Қазақстандағы геомеханика мектебінің іргетасын қалаушы болып ғылым тарихында қалды.

А.Машановтың геология, геомеханика саласындағы ғылыми еңбектері бүгінде еліміздің жоғарғы оқу орын-

дарының тау-кен мамандықтарына геомеханиканы жаңа ғылыми пән ретінде оқу үрдісіне енгізуге негіз болды. Профессор көптеген ғылыми кітаптар жазды. Бір айта кететін жәйт, оның еңбектері «Маркшейдерлік іс» ілімінің отаны Германияда неміс тілінде жарық көрді. Бұл оның ғылыми мектебінің халықаралық деңгейде мойындалуы еді.

Қазақстанның алғашқы техника саласындағы интеллекттерінің алдында ғылым мен техниканың жалпы мәселелерімен қатар, ұлттық инженерлік-техникалық әдебиеттер жазу қажеттігі тұрды. Сол кездері ғалым тау-кен атауларының тұңғыш сөздігін, жоғары оқу орындарына арнап қазақ тілінде көптеген оқулықтар даярлады. Мәселен, «Кристаллография, минерология және петрография» атты кітабы соңғы ғасырдағы алғашқы және әзірге жалғыз оқулық болып есептелінеді.

Осы саладағы Ақжан Жақсыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз қызметі. Ақанның арқасында ұлы ғұ-

ламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда әлем елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейітін тапқан да Ақаң еді.

Ақаңның ғұлама ғалымдығының және бір қыры, ол Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген кітабын оқып отыра, оның жазғандарының бірсыпырасы Әл-Фарабиден алынғандығын анықтады. Осы мәселеге байланысты А.Машанов 1984 жылы Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялап, онда өз пікірін дәлелдеген екен.

Жалпы, Әл-Машани 200-ден астам ғылыми мақала, 10 монография, 5 оқулық және 8 ғылыми көпшілік кітап жазып, артына өшпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалымның кеменгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды.

Міне, осындай артында өшпес мирас қалдырған ойшыл – ғалым Әл-Машаниден алар тағылым мол.

**У.АЛИЕВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ доценті, т.ғ.к**